

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Инвестициялық жобалар және активтер жөніндегі департаменті директоры (1 штаттық бірлік). Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2025 жылғы қыркүйектің 8-нен бастап 2025 жылғы қыркүйектің 17-ін қоса алғанда. Біліктілік талаптары: жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, мүмкіндігінше шаруашылық қызмет көрсету бойынша

Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- кадр есебі бойынша жеке іс парағы;
- жоғары білім, ғылыми және ғылыми дәрежелер туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттың көшірмелері;
- флюорография нәтижесімен жұмысқа жіберу туралы белгісі бар жеке медициналық кітапша;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама («электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі);
- соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама (Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш берген кезде беріледі);
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін жеке дамудың ұзақ мерзімді жоспарын ұсыну (5 слайдқа дейін);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі No 272 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде No 11304 болып тіркелген) бұйрықпен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушы тіркелмегені туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы.
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі No 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес конкурсқа қатысушы тіркелмегені туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну өтінішті қабылдаудан кез келген нысанда бас тартуға негіз болып табылады. Конкурсқа қатысушы өзінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат беруге құқылы.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62, Әкімшілік департаменті, тел.: +7 7172 397-808.